

**Халық банкі
қашықтықтан қызмет көрсететін банк сервисі порталын іске қосады**

Алматы, 2008 жылғы 2 сәуір. Қазақстан Халық Банкі қашықтықтан іске асырылатын банк сервисінің барлығын біріктіретін жаңа интернет-жобасының - www.halyk24.kz порталын іске қосу туралы жария етеді. Ендігі жерде Банктің жеке тұлға болсын, заңды тұлға болсын клиенттерінің барлығына аптаның 7 күнінде тәулігіне 24 сағат бойы ашық болатын «бірыңғай терезе» арқылы қызмет көрсетілетін болады. Аталған қызмет түрі іске қосылатын сәтте сайтта жұмыс істеп тұрған онлайн-сервистермен қатар жақын арада іске қосылуы жоспарланып отырғандары да ұсынылған.

Жобаның басты мақсаты - клиенттерге қашықтықтан қол жеткізуге мүмкіндік беретін алуан түрлі банк қызметін көрсету. Банктің барлық ақпараттық технологиялар сервисі (IT-сервисі) www.halyk24.kz сайтында үш блокқа бөлінген - «Қашықтықтағы банкинг», «Электрондық коммерция» және «Банкоматтар мен мультикиоскілер», өз кезегінде олар клиенттердің түрліше сегменттеріне қарай бұдан әрі әр түрлі сервиске бөлінеді. Сервистің нақты бір түрін таңдай отырып, сіз ол жайлы мейлінше толық ақпарат алып қана қоймай, аталған қызмет түріне қосылудың талаптары мен тарифтері туралы да хабардар боласыз, қажет болған жағдайда тиісті сілтемелер арқылы сервисті пайдалануға көше аласыз.

Сервис түрлеріне қатысты мәліметпен қатар, сайттан соңғы жаңалықтармен танысуға, өзіңізді қызықтыратын мәселелерге байланысты сауалдар қоюға, сондай-ақ банк ұсынатын қызметтер сапасын жақсартуға бағытталған сауалнамаға қатысуға болады.

Порталдағы негізгі IT-сервис (Ақпараттық технологиялар сервисі) туралы қысқаша мәлімет:

Жеке тұлғаларға арналған Интернет-банкинг. Қазақстандық банктер іске қосқан алғашқы Интернет-банкинг жүйесі (2000 жылғы 1 маусым). Бастапқыда жүйеге электронды-цифрлық қол қою (ЭЦҚ) енгізілген болатын, бұл жәйт Интернет арқылы клиенттерге Қазақстанның электрондық рыногындағы қол жетімді өнімдердің барынша кеңейтілген желісін ұсынуға мүмкіндік туғызды (оның ішінде банк ішілік және банк аралық ақша аударымдары, ақша алушының атына төлемдер, кредитті өтеу, депозит ашу және оны толықтырып отыру, зейнетақы шоттарын тексеріп отыру, салықтарды төлеу, т.б.). Өткен жылы Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Қазақстан Халық банкінің «Жеке тұлғаларға арналған Интернет-банкинг» жүйесін (www.mybank.kz) «Қазақстандағы 2007 жылғы ең үздік электрондық қызмет» деп танылған болатын. Өткен жыл қорытындысы бойынша Банктің Интернет жүйесі өзінің айналымдағы қаржы жиынтығы (18,8 млрд. теңге) бойынша еліміздегі ең ірі жүйе болды және 52,6 млн теңгеден астам табыс тапты.

Заңды тұлғаларға арналған Интернет-банкинг - бұл Қазақстанда іске қосылған заңды тұлғаларға қашықтықтан банк қызметін көрсетудің қазіргі заманғы, ең соны жүйесі (2007 жылдың 29 маусымында енгізілді). Еліміздегі банктер арасында Халық банкінің бұл жүйесі өз клиенттерін қорғау және ЭЦҚ құрастыру үшін ақпараттың мемлекеттік сертификатталған криптографиялық құралын қолданатын бірден-бір жүйе болып табылады (Тумаг CSP «Гамма-Технологиялық» шешімі). Клиент жүйедегі үш модульдің кез келгенін пайдалану мүмкіндігіне ие болады: «Банк-клиент» қамтамасыз ету бағдарламасынан (ҚБ) клиент компьютеріне инсталляция жасау, «Интернет-клиент» (шотты басқаруға веб-портал арқылы <https://ib.halykbank.kz> қол жеткізу) немесе «Интернет-үзінді» (шоттар туралы ақпаратқа сайт арқылы <https://ibank.halykbank.kz> қол жеткізу, ЭЦҚ-н пайдалану қажеттігі жоқ). 2007 жылдың қорытындысы бойынша жүйе клиенттерінің саны 41%-ға өсті, ал сервистен түскен табыс көлемі 356 млн. теңгеден асты (2006 жылмен салыстырғанда өсім көлемі 33 % болды).

Банктегі орта және шағын бизнес саласына жетекшілік етуші Басқарма Төрағасының орынбасары М.З.Зайыровтың мәлімдеуінше, ағымдағы 2008 жылы Банк «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг» жаңа жүйесінің қол жетімді желісін дамытуды одан әрі жалғастырады, сондай-ақ клиент төлемдерін автоматты түрде мақұлдауды іске асырады, ал бұл клиенттермен жүргізілетін жұмысты айтарлықтай жылдамдатады.

- **Мобильдік банкинг.** Бұдан үш жыл бұрын ғана «мобильдік банкинг» деген сөз тіркесі қиял-ғажайыптық ұғым ретінде қабылданатын. Ал 2005 жылы Халық Банкі бұл өнімді рынокқа шығарғанда,

өнімнің мәні мен артықшылығын егжей-тегжей түсіндіру мақсатында клиенттермен де, ұялы байланыс операторларымен де БАҚ арқылы түсініктемелік жұмыс жүргізу үшін біраз тер төгуге тура келді. Еліміз үшін сол кезде бірегей өнім болып табылған ұялы байланыс саласындағы бұл сервисті іске қосу 2005 жылдың 19 сәуірінде жүзеге асырылды, көп ұзамай-ақ, небәрі бір жарым жылдың ішінде аталған қызмет түрін пайдаланушылар саны 100 мың адамнан асып түсті. Бүгінгі күні қашықтықтағы банкинг қызметі еліміздегі ең қажетті әрі үнемі сұраныс тудырып отырған танымал ұялы байланыс қызметіне айналды.

Банктегі Ақпараттық технологиялар (IT) блогына жетекшілік етуші Басқарма Төрағасының орынбасары А.М.Құсайыновтың мәлімдеуіне қарағанда, «Мобильдік банкинг» қазіргі уақытта Қазақстандағы ең сұранысы мол әрі барынша пайдалы қашықтықтан ұсынылатын банк қызметі екендігі күмән тудырмайды, аталған қызмет түрін пайдаланушылар саны 234 мың адамға жетіп отыр, бұл көрсеткіш қазақстандық банктердің барлығы қосылып ұсынатын он-лайн жүйесіндегі банкингтен әлдеқайда артық. 2007 жылдың қорытындысы бойынша аталған IT-сервисінен түскен таза табыс көлемі 3,6 млн АҚШ долларынан асты.

Айта кетерлік бір жәйт, бұл сервис түріне Халық банкі карточкасының кез келген иеленушісі банкомат арқылы тікелей қосыла алады.

- **Мобильдік коммерция.** 2007 жылдың 26 желтоқсанында Халық Банкі қазақстандықтар үшін мобильдік коммерция әлеміне «есік ашып берді» - клиенттер ендігі жерде ұялы телефон көмегімен тауарлар сатып алу және қызметтерге тапсырыс беру мүмкіндігіне қол жеткізе алатын болды.

Аталған қызмет түрін пайдалану үшін қызмет көрсетуші оператордың офисіне барып, өзіңіздің мобильдік телефоныңыздағы SIM-картаңызды банк апплеті мен ЭЦҚ кілттері орнатылған жаңа SIM-картаға ауыстыру жеткілікті болады (бұл ретте сіздің телефон нөміріңіз сақталады) әрі бұл мүлдем тегін іске асырылады. Дәл бүгінгі күні аталған қызметті тек Билайн (Beeline) ұсына алады, дегенмен жуық арада басқа да операторлар қосылады деп күтілуде. SIM-картаны ауыстырғаннан кейін ұялы телефоныңызда жаңа банктік меню шығады, одан әрі сіз ұялы байланыс операторлары мен провайдерлік компаниялар атына, кәбілдік теледидар, жер серігі (спутниктік) теледидары және коммуналдық қызмет үшін төлем немесе аударым жасау мүмкіндігіне ие боласыз (Қазақстанның 11 өңірі бойынша мұндай ұйымдар саны 40-тан асып отыр - олардың тізімін мына сайттан қарап алуға болады: http://www.halykbank.kz/cards/mobil_banking/m_commerce). 2008 жылы Банк осы жоба шеңберінде ұялы телефоннан P2P - карточкадан карточкаға ақша аудару, салық төлеу мүмкіндігін, ал одан әрі - авиабилеттер мен кино билеттерін сатып алуға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынатын болады. Айта кету керек, сөз болып отырған бұл жоба 2007 жылдың нәтижесі бойынша ТМД елдерінің қаржы саласындағы ең үздік IT жобасы ретінде **C-News AWARDS 2008** сыйлығымен марапаттауға ұсынылған.

- **Электрондық тендерлік жоба.** Банк ұсынып отырған IT-сервисі жобаларының ішіндегі - ең соңғысы, 2008 жылдың 31 қаңтарында іске қосылды, жоба бойынша алғашқы электрондық тендер 2008 жылдың 9 ақпанында өткізілді. B2B жүйесінің классикалық нұсқасы болып табылады. www.e-tender.kz порталы ТМД-дағы аса ірі TREID.SU. тендерлік алаңымен бірлесіп қолға алынды және өте қысқа, рекордтық мерзімде - 3 айдың ішінде қосылды. Алғашқы өткізілген тендер нәтижесінің өзі жобаланған бюджеттік қаржыны 10 %-ға дейін үнемдеуге, сөйтіп электрондық алаң жасауға жұмсалған барлық шығынды бірден жабуға мүмкіндік берді.

Айта кететін бір жәйт: электрондық тендерлер алаңының сайтына www.e-tender.kz тәулік бойы кез келген уақытта қол жеткізуге болады әрі мұнда «Halyk» қаржылық тобы компанияларына әлеуетті қызмет ұсынушылардың барлығы да тіркеле алады.

- **«Банкоматтар мен киоскілер».** Қазақстан Халық Банкі бүгінде орта азиялық елдер өңірінде дәстүрлі бөлімшелер желісі бойынша ғана емес, өздігінен қызмет көрсететін электрондық қондырғылары жағынан барынша кеңейтілген ірі филиалдық желіні иемденген аса ірі банкке айналып отыр. Мұндай құрылғылар желісінің ауқымы қазіргі уақытта 1480 банкомат пен 299 мультимедиялық киоскіні құрайды. 2008 жылдың аяғына дейін өздігінен қызмет көрсету жүйесін 2540 бірлікке, оның ішінде банкоматтар санын 1940-ға, киоскілер санын 600-ге дейін жеткізу көзделіп отыр. Халық банкінің әрекет етуші (активті) карточкаларын иемденушілердің саны бүгінгі күні 1,6 млн-нан асады, бұл еліміздегі барлық активті карточка иелерінің 52 пайызын құрайды. Банктің <http://www.halyk24.kz/cash/directory> сайтына сілтеме жасау арқылы біздің клиенттер банкоматтар мен мультикиоскілер туралы өздеріне ыңғайлы әрі қажетті анықтамалыққа қашан да қол жеткізе алады.

- «**Visa-дан Visa-ға 24/7 ақша аударымдары**». Қалыптасқан дәстүрге сәйкес Халық банкі бұл IT-сервис түрі бойынша рынокқа өнім шығарған алғашқы қазақстандық банк мекемесі болып табылады (2007 жылдың 30 наурызы). P2P нұсқасымен ақша аудару қызметін Халық банкінің ғана емес, өзге банктердің клиенттері де жылы қабылдады. 2007 жылдың 7 айында ғана бұл қызметті 150 мыңнан астам адам пайдаланып үлгірді. Бұл қызмет түрінің тартымдылығы мынада: кез келген банктің клиенті Халық банкінің банкоматтары мен мультикиоскілерін әр түрлі банктер карточкаларына ішкі және халықаралық ақша аудару үшін қашықтықтағы терминал ретінде пайдалана алады. Толығырақ мәліметті мына сайтқа сілтеме жасау арқылы алуға болады: http://www.halyk24.kz/cash/visa_to_visa.

Ілгеріде атап өткен, қазіргі кезде сәтті іске қосылған сервис түрлерінен басқа, Халық банкі ағымдағы 2008 жылдың аяғына дейін жүзеге асырылатын өзінің тағы бірқатар жобалары жөнінде жария етеді:

- **«Налык» бонус клубы** - банк қызметін пайдаланушы коммерсанттар мен олардың клиенттері үшін бейілдік қарым-қатынас жүйесін құру,
- **Электронды ақша** - Қазақстанға электрондық сервисінің осы аталған түріне қосылатын мезгіл әбден жетті...
- **Телефондық банкинг** - егер сіздің ұялы телефоныңыз жоқ болса және осы себептен мобильдік банкинг қызметтерін пайдалана алмай жүрсеңіз, жуық арада біз сіздің бұл проблемаңызды шешуге мүмкіндік беретін сервис түрін ұсынамыз.
- **Электрондық коммерция** - Интернет желісі тарифтерінің төмендеуіне байланысты соңғы уақытта аталған желі қызметін пайдаланушылар саны күрт өсіп отырғаны байқалады, сондықтан Банк Интернет желісі арқылы төлем қабылдау жүйесін енгізу арқылы ұлттық интернеттік-коммерциялық сегментті дамытуға көмек көрсетпекші.

Налык қаржылық тобы қашықтықтан қызмет көрсететін www.halyk24.kz банк сервисі порталының іске қосылуы біздің клиенттерімізге Банктің сан алуан қаржылық IT-сервис түрінен өзіне қажеттісін оңай таңдап, қиындықсыз тауып алады әрі оларды неғұрлым белсендірек пайдаланатын болады деп сенеді.

Халық банкінің баспасөз қызметі

тел. (727) 259 08 16

www.halykbank.kz

www.halyk24.kz